



11-ДӘРІС. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ ДАМУДЫҢ ЦИКЛДЫЛЫҒЫ

Дәріскер: э.ғ.к., профессор м.а. Даулиева Ғалия Рахметовна



Дәріс сұрақтары:

11.1. Экономикалық өсу: түсінігі, максаттары, көрсеткіштері

11.2. Экономикалық өсу факторлары, типтері, негізгі үлгілері

11.3 Экономикалық цикл түрлері және фазалары

11.4 Циклдік толқулардың мәні, себептері, фазалары және түрлері



Экономикалық өсу -

- ұлттық шаруашылықтың адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын өнімдерді өндіру қабілеттілігі мен мүмкіндігінің ұлғаюы.
- ұлттық өнімнің сан жағынан өсуі және сапа жағынан жетілдірілуі
- өндіргіш күштердің ұзақ мерзімді дамуымен байланысты ұлттық өндірістің нақты көлемінің ұзақ мерзімдегі өзгерістері
- Нақты ЖІӨ нің ұзақ мерзімді өсу тенденциясы



Экономикалық өсудің мақсаттары – халықтың әл-ауқатын көтеру және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Экономикалық өсудің негізгі мақсаты материалдық әл-ауқаттың жоғарлауы болып табылады, осының құрамында:

Орта есеппен бір адамға келетін ұлттық табыстың өсуі. бұл мақсатқа жетуді ұлттық табыстың жан басына шаққанда келетін өсу шапшандығы көрсетеді.

Бос уақыттың көбеюі. Бұл елдің нақты жалпы ұлттық өнім немесе ұлттық табыс көрсеткіштерінде орын алмаған. Сондықтан, осы мақсатқа жету дәрежесін бағалағанда, байқалып отырған мерзімде жұмыс аптасы мен жұмыс жылы қысқарғанына, жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек әрекеттерінің жалпы ұзақтығына назар аудары керек.

Ұлттық табыстың халықтың әр топтарының арасында бөлінуін жақсарту. Шығарылған тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсарту, түрлерін көбейту.



Экономикалық өсуді өлшеу тәсілдері:

Нақты жалпы ұлттық (ішкі) өнім көрсеткішінің белгілі бір уақыт аралығында өсуі. Бұл әдіс экономикалық мүмкіншілігінің молаю шапшандығын бағалау үшін қолданылады.

Нақты жалпы ұлттық (ішкі) өнім көрсеткішінің белгілі бір уақыт аралығында жан басына шаққандағы өсуі. Халықтың әлеуметтік дамуын талдағанда, немесе елдер мен аймақтардағы тұрмыс дәрежесін салыстырғанда қолданылады.



Экономикалық өсудің көрсеткіштері:

- Экономикалық өсу әдетте, пайызбен жылдық өсу қарқынымен өлшенеді. Мысалы, егер нақты жалпы ұлттық өнім өткен жылы 200 млрд. долларды және осы жылы 210 млрд. долларды құраса, онда жалпы ұлттық өнімнің өсу қарқыны $210 - 200 / 200 \times 100\% = 5\%$ тең болады
- ЭӨҚ (экономикалық өсу қарқындары) белгілі бір уақыт аралығындағы нақты ЖІӨ нің орташа жылдық өсуін көрсетеді; экономикалық әлеуеттің өсімі
- белгілі бір уақыт аралығындағы нақты ЖІӨ нің жан басына шаққандағы өсуі; өмір сүру деңгейінің өсімі



Экономикалық өсу

Интенсивті

Аралас

Экстенсивті

Интенсивті типі - техника мен технологияның жетілдірілуі арқылы ұлттық өнімнің өсуі. Тиімді экономика экономикалық өсудің интенсивті типін қолдануға тырысады.

Экономикалық өсудің интенсивтік факторлары:

- қолданылатын ресурстар сапасының өсуі (жұмыс күшінің сапасын өсіру және заттық капиталдың сапасын жақсарту);
- ресурстарды пайдалану әдістерін жақсарту (технологияны жетілдіру, өндірісті және өткізуді ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіру).

Экстенсивті типі – қосымша өндіріс факторларын тарту арқылы ұлттық өнімінің өсуі.

Экономикалық өсудің экстенсивтік факторлары:

- жұмыс күшінің санының өсуі;
- капиталдың көлемі өсуі.

Аралас типі - факторлардың өсуімен қатар техникамен технологияның жетілдірілуі



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ САПАСЫ

әлеуметтік бағытталуының күшеюімен байланыстырылады, оның сипаттайтын келесі көрсеткіштер:

- халықтың материалдық әл-ауқатының жақсаруы;
- адамның бос уақытының көбеюі;
- әлеуметтік инфрақұрылым салаларының даму дәрежесінің жоғарылауы;
- адам капиталына инвестицияны өсіру;
- адамдардың еңбек және өмір жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- жұмыссыздар мен жұмысқа қабілеті жоқтарды әлеуметтік қорғау;
- еңбек нарығында ұсыныс көлемінің өсуі жағдайында жұмыспен толық қамтуды қолдау.



Экономикалық өсудің факторлары

өндірістің нақты көлемін ұлғайту, оның тиімділігі және өсу сапасын арттыру мүмкіндіктерін анықтайтын құбылыстар мен үдерістер.

Тигізетін ықпалына қарай экономикалық өсудің факторлары жанама және тікелей факторларға бөлінеді.

- *Тікелей факторларға* экономикалық өсудің заттай қабілеттілігін *анықтайтын факторлар* жатады. Олар бес негізгі факторлардан тұрады, олар жиынтық өндіріс пен ұсыныстың динамикасын тікелей анықтайды (ұсыныс факторлары)
- *Жанама факторлар* экономикалық өсудің заттай қабілеттілігінің шын мәнінде жүзеге асуын қамтамасыз ететін факторлар. Олардың құрамында:
 - 1. Ұсыныс факторлары, бұларға адам ресурстарының болуы, табиғи ресурстар, негізгі капитал, технология деңгейі жатады.
 - 2. Сұраныс факторлары, бұларға бағалар деңгейі, тұтыну шығындары, инвестициялық шығындар, мемлекеттік шығындар, таза экспорт көлемі жатады.
 - 3. Бөлу факторлары, бұлар экономикалық айналымға тартылатын ресурстардың тиімділігін, ресурстардың өндіріс үдерісінде толық, әрі ұтымды түрде пайдаланылуын көрсетеді.



Экономикалық өсудің факторлары:

Тікелей факторлар:	Жанама факторлар:
-Еңбек ресурстарының саны мен сапасының өсуі.	- Сұраныс факторлары – тұтыну, инвестициялық, мемлекеттік шығындардың өсуі.
- Негізгі капитал көлемінің өсуі және сапалық құрамының жақсаруы.	- Ұсыныс факторлары - бәсекенің дамуы, ресурстардың бағасының төмендеуі, несие алу мүмкіншілігінің өсуі.
- Өндірісті ұйымдастырумен қатар технологияның жетілдірілуі.	- Бөлу факторлары – қоғамдағы барлық ресурстарды тиімді пайдалану.
- Пайдаланатын табиғи ресурстардың саны мен сапалылығының артуы.	
- Қоғамдағы кәсіпкерлік қабілетінің өсуі.	



Экономикалық өсудің неоклассикалық моделі

- *неоклассикалық* модель «өндірістік қызмет» категориясына негізделеді. Тек микро- емес, макродеңгейде барлық өндірістік факторларды (жер, еңбек, капитал, ҒТП) жақсы пайдалану жолдарымен ғана экономикалық өсуге жетуге болады.
- Екі факторлы Кобб- Дуглас моделіне негізделеді: $Y = AL * K$
- Мұнда Y – өндіріс көлемі; L – еңбек шығындары; K – капитал шығындары; A - тұрақты коэффициент (находится расчетным путем);, - коэффициенты эластичности, которые показывают, как возрастает объем продукции, если фактор производства увеличивается на единицу.





Экономикалық өсудің кейнсиандық моделі

- Кейнсиандық модель теңгерімді экономикалық өсуді қамтамасыз ететін жиынтық сұраныс роліне негізделеді. Сұраныстың негізгі бөлігі инвестиция болғандықтан, кейнсиандық және неокейнсиандық модельдер күрделі салымдардың көлемі мен өсу қарқынын анықтау мәселесіне ерекше назар аударады. Олар инвестиция көлемін анықтайтын факторларды зерттейді. Экономикалық өсудің *неокейнсиандық* моделі «инвестиция» және «мультипликатор» категорияларына негізделеді
- мультипликатор- акселератор эффекті
- Мультипликатор инвестицияның өсуі мен ұлттық табыстың өсуі арасындағы байланысты көрсетеді. Акселератор ұлттық табыстың өсуіне байланысты инвестицияның қаншалықты көбеюі керектігін көрсетеді



IMF 2008 estimates
(\$US Dollars)



GDP (nominal) Per Capita



Жан басына шаққандағы ЖІӨ бойынша 10 топ мемлекеттер:

- Катар: ЖІӨ жан басына шаққандағы жылдық мөлшері - 88 222 \$
- Люксембург: ЖІӨ жан б.ш. мөлшері - 87 541 \$
- Бруней: 62922 \$
- Швейцарияда 57000 \$
- Сингапур - 56 498 \$
- Норвегия: - 51 959 \$
- БАӘ (Біріккен Араб әмірліктері) ЖІӨ - 47 694 \$
- АҚШ - 46 874 \$
- Гонконг - 44 996 \$
- Нидерландия - 42 918
- Қазақстан 14 000 \$ (2015); 8,667 \$ (2017); \$ 9800 (2018); 9 750 \$ (2019)
10000 \$ (2020)



Жалпы ішкі өнім



FinReview.info есептеулері ҚР ҰЭМ СК деректерінің негізінде

ЖІӨ-нің болжамды көрсеткіштері

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігі



ЖІӨ өсімі, %
Жан басына шаққандағы ЖІӨ мың АҚШ доллары



Дүниежүзілік банк (ДБ) болжамы




Қаңтар айындағы жаһандық экономикалық перспектива [баяндамасында](#) ДБ Қазақстан экономикасының 2020 жылғы өсімі 3,7% деңгейінде болады деген болжам жасаған. ҚР Ұлттық экономика министрлігі өсім 4% төңірегінде болады деп болжаған

Коронадағдарыс кезіндегі ҚР ЖІӨ. Олар 3,7% өсімнің орнына 2020 жылы 3,0% құлдырау болады деп болжап, 2,5% мөлшерінде қалпына келу 2021 жылы ғана мүмкін болады деп отыр.



Экономиканың циклды дамуы - нарықтық экономика жағдайында іскерлік белсенділіктің үнемі үздіксіз ауытқып отыруы



11.1-сурет. Экономиканың циклдік дамуы



Экономикалық циклдың фазалары

- 1. Дағдарыс.** Бұл фазада экономикалық дамудың көрсеткіштері күрт нашарлайды: өндіріс көлемі қысқарады, табыстар төмендейді, жұмысбастылық қысқарады, инвестициялық белсенділік төмендейді, бағалар құлайды, өндіргіш күштер біртіндеп істен шыға бастайды, негізгі капитал құнсызданады, жұмыссыздық өседі, кәсіпорындар жаппай жабыла бастайды, өндірістік қуаттар төмендейді.
- 2. Тоқырау.** Бұл фаза экономикалық дағдарыстың ең төменгі нүктесі болып табылады, яғни жаппай жұмыссыздық орын алады, жалақы мен пайыз мөлшерлемесі ең төменгі деңгейге жетеді, тауарлы-материалдық қорлар қысқарады, өндіріс тоқтайды, бағалардың төмендеуі де тоқтайды.
- 3. Жандану.** Бұл фазада негізгі капитал жаппай жаңартылады, жұмыссыздық қысқарады, жалақы, пайыз мөлшерлемесі және бағалар өсе бастайды, инвестициялық белсенділік пен тұтыну заттарына деген сұраныс артады.
- 4. Өрлеу.** Бұл фаза экономикалық дамудың шарықтау шегі болып табылады. Экономикалық өсу қарқыны жоғарылайды, өндіріс көлемі айтарлықтай ұлғаяды, инвестициялар да артады, бағалы қағаздар бағамы өседі, пайда, жалақы, баға, пайыз сияқты көрсеткіштер ең жоғары деңгейге жетеді.



Циклдарға әсер ететін факторлар

Сыртқы факторлар

экономикалық жүйеге тәуелсіз факторлар: халық санының өзгеруі, соғыстар, төңкеріс, басқа да саяси шиеліністер, жаңа жерлерді игеру, бағалы ресурстардың жаңа кен орнын ашу ғылыми – техникалық прогресс, күннің көзіндегі құрғақшылыққа әкелетін таңбалардың пайда болуы, т.б.

Ішкі факторлар

экономикалық жүйемен байланысты факторлар: капиталдың физикалық қызмет атқару мерзімі, тұтытудағы, жұмысбастылығы, инвестициялық, мемлекеттің экономикалық саясатындағы өзгерістер, тауар және ақша қайшылықтары, сұраныс пен ұсыныс арасындағы қайшылықтар, капиталдың артық қорлануы.



Циклдардың себептері

1. К. Маркс артық өндірудің циклдық дағдарысының реттілікпен қайталану себептерін тұрақты капиталдық оқтын-оқтын жаппай жаңаруымен қарастырған. Марксистердің айтуы бойынша, экономиканың циклдық дамуы өндірістің нәтижесін иемденудің жекекапиталистік формасының арасындағы қайшылықтар байланысты. Капиталдың қорлануы, өндіргіш күштердің дамуы өндірістің қоғамдасуын жоғарлатады, яғни капиталдың шоғырлануы және орталықтануы, индустриялық орталықтар мен ірі капиталистік кәсіпорындарының қалыптасуы. Марксизм теориясында аграрлық дағдарыстар капиталистік дағдарыстардың ерекше көрінісі болып табылады. Олардың себебі ортақ: капитализмнің негізгі қайшылығы, бірақ ерекшеліктері бар: 1) жерге шаруашылық объекті ретінде монополияның болуы, 2) аграрлық секторда баға белгіленудің ерекшеліктері, 3) табиғи фактордың әсері, 4) ауыл шаруашылығының даму дәрежесінің өнеркәсіптігінен төмен болуы.



2. Ағылшын экономисі Дж. Кейнстің ойынша, цикл фазасының алмасуы күрделі қаржы мөлшерімен байланысты, ол пайда мөлшері мен пайыз мөлшері ара қатынасымен түсіндіріледі. Дағдарыс сонда ғана болады, егер пайда мөлшері пайыз мөлшеріне дейін төмендесе кәсіпкердің өндірісті дамытуға қаржы салу ниеті жойылады.

3. Неоклассиктер мен неокейнсшілдер циклдік дамуының себебіне, капитал запасының өндіріс шарттарына үйлесу процесін жатқызады. Жыл сайын ұдайы өндірілетін көлемімен және осы мезгілде дейінгі жинақталған запасының арасында тепе-теңдік пропорция бар. Осы тепе-теңдік бұзылмағанша циклдық ауытқулардың болуы мүмкін емес. Осы екі бағыттарының циклдық теориядағы айырмашылығы тепе-теңдіктің сипаты мен себептері.

4. Американ экономисі Милтон Фридмен басқарған «монетаристік мектеп» өкілдері циклдық дамудың басты себептерін ақша факторынан іздейді. Дағдарыстар мемлекеттің ақша саясатының нашар жүргізілуінен туындайды.



5. Циклдардың себептерін зерттеген бағыттардың бірі психологиялық теориялар. Психологиялық теориялардың бір бағыты ХІХ- ХХ ғғ. пайда болды, өкілдері У.Джевонс пен В.Парето. Циклдық дамуын тауар нарықтарындағы және қор биржасындағы кәсіпкерлердің іс-әрекетімен байланыстырады, яғни баға мен құнды қағаздардың бағамының одан әрі өсу күтімдерінің себептерімен. ХХ ғ. басында психологиялық теориялардың екінші бағыты пайда болған және А. Пигудың теориясымен байланысты. Басты себепті өндірушілердің өндірістік капитал салымының ерекшелігімен байланыстырады. Р. Лукастың шығарған экономикалық циклдың тепе-теңдік теориясы шаруашылық субъектерінің тәртібі және олардың экономикалық мәліметті қабылдауының ерекшеліктеріне негізделеді. Бұл теорияның басты ойы – ақша массасының күтпеген өсуі және осымен байланысты бағалардың өсуімен байланысты акселерациялық механизмнің өзара әсері.

Сыртқы факторлардың әсеріне тоқтаған Виксель, Шпитгоф, Шумпетер деген зерттеушілер. Қазіргі кезде циклдардың себептерін зерттеуде математикалық әдістер қолдануда.



Мемлекеттің дағдарысқа қарсы қолданылатын құралдары

Құралдар	Тоқырау фазасында	Өрлеу фазасында
1. Ақша несие саясаты	Пайыз мөлшерлі жалақысын төмендету, мемлекеттің бағалы қағаздарын ашық нарықта сатып алуы.	Пайыз мөлшерлі жалақысын өсіру, мемлекеттің бағалы қағаздарын ашық нарықта сатуы.
2. Фискальдық саясат	Бюджеттен қосымша шығындар жұмсау, салық ставкаларын төмендету.	Бюджет шығындарын қысқарту, салық ставкаларын өсіру.
3. Жалақы мен тарифтер саясаты	Жалақыны өсіру.	Жалақыны төмендету.



4. Мемлекеттік инвестициялар саясаты.	Инвестициялық бағдарламалардың жылдамдықпен орындалуы, мемлекеттік қолдау жасау.	Мемлекеттік құрылысты және инвестицияларды тоқтату.
Мақсат:	Шаруашылық белсенділігін ынталандыру	Шаруашылық белсенділігін тоқтату.

Алғашқы дағдарыс 1825 жылы Англияда басталған. Содан кейін ол 1836 ж., 1841 ж., 1847 жылы АҚШ, Англия мен Франция, Германияны қамтыды. 1857 жылғы дағдарыс бірінші дүниежүзілік циклдық дағдарыс болып саналады. Одан кейін ол 1873, 1882, 1900, 1907 жылдарда қайталанды. Экономикаға үлкен шығындар әкелген 1920-1921, 1929-1933, 1937-1938 жж экономикалық дағдарыстар. «Ұлы тоқырау» атын алған өте терең және ұзақ дағдарыстың сипаты 1929-1933 жылдарда болған еді.



Экономикалық циклдардың типтері

Экономикалық циклдің типтері	Ұзақтылығы	Себептері, ерекшеліктері
1. Дж.Китчиннің қысқа толқындары	2-4 жыл	Алтынның әлемдік қорының тербелісі ЖҰӨ-нің инфляцияның, жұмысбастылықтың тербелісіне әкеледі.
2. К.Жуглярдың «орташа толқындары»	10 жыл	Ақша айналысындағы өзгерістер, кердиттік жүйенің мәселелері ЖҰӨ-нің тербелісіне инфляцияға, жұмыссыздыққа әкеледі.
3. Кузнецтің циклдары	18-25 жыл	Экономикалық циклдардың себептері күрделі құрылыспен байланысты



4. Н.Д.Кондратьевтің «ұзын толқындары»	40-60 жыл	Басты қозғаушы күш – технологиялық өндірістегі технологиялық базаның радикалды өзгеруі мен оның құрылымдық қайта құрылуы.
5. Форрестердің циклдары	200 жыл	Энергия қуаты мен материалдарға байланысты.
6. Тоффлердің циклдары	1000-2000 ж.	Цивилизацияның дамуымен, олардың жоғалуымен немесе жаңа сатымен байланысты.

Жуглярдың циклдердің ұзақтығы 7 – 12 жыл, осы циклдің басқаша аттары бизнес-цикл, өнеркәсіптік цикл, орташа цикл. Бірінші өнеркәсіптік цикл 1825 жылы Англияда болды. Осы кезде машиналық өндіріс металлургияда, машина жасауда және басқа жетекші салаларда билік жүргізуге кіріскен болатын. 1847 – 1848 жылдардағы дағдарыс АҚШ—та басталған, соңынан бірнеше Еуропалық елдерге тараған. осы дағдарысты мән жағынан қарағанда өнеркәсіптік цикл деп атауға болады.



Тапсырма:

1. Экономикалық дағдарыстардың түрлері
2. Экономикалық цикл фазаларының сипаттамасын беріңіздер
3. БҰҰ: тұрақты даму мақсаттары





Назарларыңызға рахмет!!!!